

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған Ресей Федерациясы әскери құрамаларының мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1995 жылғы 18 шілдедегі N 2365

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрған Ресей Федерациясы әскери құрамаларының мәртебесі туралы 1995 жылғы 20 қаңтарда Мәскеуде қол қойылған келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті